

**Атырау облысы Индер аудандық білім бөлімінің оқушылар  
шығармашылық орталығы**

## **БАҒДАРЛАМА**

**«Тұлпар» үйірмесінің 10-15 жас аралығындағы оқушыларының  
1 – оқу жылына арналған**

Қосымша білім беру пелагогі:  
Мусағали Жәнібек Бақытжанұлы

**Индербор кенті, 2015 жыл**

## Кіріспе

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінде «Қазақстандық патриотизмге, биік мәдениетке, адам құқығы мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеу» туралы айтылған. Мұндай мазмұндағы мемлекеттік талап, міндеттер бүгінде жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру үрдісінде әр отбасынан бастау алып, білім беру жүйелерінде үздіксіз, кешенді жүргізілуде.

Егеменді ел болғалы заманауи технологиялар қолданысқа енгізіліп, компьютерленіп еліміз алға дамуда. Өзіндік ұстанымы бар еліміздің алға дамуымен машина құрастыру компаниялары қызмет етуде. Бүгінгі таңда технологиялар өз қолдауларын тауып, оқу үрдісіне қолдануда. Технология – бұл қандай да бір жұмысты, өнерді шеберлікпен іске асыру жиынтығы.

Еліміздің бүгінгі мен ертеңі өскелең ұрпақ еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыны шығармашылыққа жетелеу.

Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз оқушыға оның бойында көрінбей тұрған мүмкіншіліктерін ашып көрсету. Осы міндеттерді орындауға мұғалімге бірден-бір керегі – дұрыс, тиімді әдіс-тәсілдерді тандап пайдалану.

Еліміздің дамуына байланысты білім саласында да өзгерістер болды. Әсіресе мектеп жасындағы оқушылар мен жасөспірім балалардың мектептен тыс бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Оқушылар шығармашылығы орталығы» ашылды. Оқушылардың үйірмелерге қатысу барысында «Тұлпар» үйірмесі жүргізілуде. Оқушыларды сабақтан тыс еңбек сүйгіштікке, ізденгіштік қабілетін арттыруға, мән беруде. «Тұлпар» үйірмесінің тақырыптық күнтізбелік жоспары оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты топтарға бөлінеді, әр топ 12-15 оқушыдан құралады.

## Түсіндірме хат

### «Тұлпар» үйірмесінің бағдарламасы:

- балалар мен жас жеткіншектерді жаңа заман талабына сай техника өнеріне бейімдеу арқылы болашақта жас жеткіншектердің эстетикалық тәлім-тәрбиесі жоғары өмірде жеке тұлға ретінде қалыптасып өсуін қамтамасыз ету басты міндет
- «Тұлпар» үйірмесі балаларға білім беру, үйретумен қатар әртүрлі өнер сайыстарына, конкурстарға қатысып, өз мүмкіндіктерін дамытуға жол ашады.

### Өзектілігі:

- «Тұлпар» үйірмесі бағдарламасын іске асыру арқылы балалар мен жасөспірімдерді едәуір көп қамту. Біздің ұстанып отырған бағдарламамыздың өзектілігі техникаға қызығушылығының дамуына және оны толықтай меңгеріп шығуына мүмкіндік жасайды.

### Мақсаты:

- үйірмеге қатысушы әрбір оқушыны өз қабілетіне қарай қамтамасыз ету;
- техникаға қызығушылығын оқушының бойына сіңіру

### Міндеті:

- аудандық, облыстық, республикалық сайыстарға оқушыларды дайындау;
- мәдениетті, ұстамды, дарынды, өнерлі тұлға етіп тәрбиелеу;
- «сегіз қырлы бір сырлы» азамат етіп қалыптастыру

### Күтілетін нәтиже

«Тұлпар» үйірмесіне қатысқан оқушылардың, оқу барысындағы нәтижесі қандай болмақ.

### Білімділігі:

- Өнер шығармаларын өз бетімен сараптай алуы
- Ойы, қабілеті, интелектісі жоғары білімлі болуы
- Эстетикалық талғамы жоғары болуы

### Қабілеттілігі:

- Әдемілікті бағалай алатын, ойы терең, өнерлі бала болуы
- Есте сақтау, көру, жан-жақты хабардар, жоғары дамыған бала болуы

### Біліктілігі:

- Өмірде белгілі тұлға, жақсы өнерлі маман иесі болуы
- Техник мамандарының қыр-сырын технологиялық заттарды меңгеруі

## **Оқыту бағдарламасының әдістемелік мәліметтері**

### **Оқыту әдістемесі**

- Проблемалық ізденіс әдістеме
- Жобалық әдістеме

### **Іс-ірекеттердің ұйымдастыру түрлері**

- Топпен оқыту
- Жеке оқыту

### **Сабақты жүргізу түрлері**

- Әңгіме
- Сарамандық жұмыс
- Өз еркімен жұмыс
- Шығармашылық жұмыс ұйымдастыру

### **Оқу тақырыбының мазмұны мен сағат санының көлемі**

«Тұлпар» үйірмесіндегі балаларға шығармашылық қабілетін арттыру, қол ептілігін дамыту, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу мақсатында түрлі техникалық қозғалмалы жеңіл және жүк көліктерін, әскери техникаларды жасауға үйрету.

Бірінші оқу жылында әр топқа 4 сағаттан, жылына 144 сағат беріледі. Оқушыларға жылдың басындағы жоспарға сәйкес қолданылатын құрал-жабдықтармен таныстырып, шығармашылық жұмыспен шұғылданады. Бірінші жылы үйірмеде балалар теориялық білім алып, түрлі макет сызбаларын сызып үйренеді. Екінші оқу жылына оқушы практикалық жұмыстар жасап шыңдалады.

- Балалар түрлі көрме-байқауларға даярланады, қатысады;
- Шығармашылық жұмыстарының көлемі үлкейеді, көлемді жұмыстар Орындайды;
- Өздерінің шығармашылық көрмесін өткізеді.

Әр топта 12-15 оқушыдан, 5-сыныптан жоғары оқушылар қамтылады. Оқушылар шығармашылығы орталығында белгіленген жоспар бойынша әр сабақ 45-минуттан тұратын екі академиялық сағат жүргізіледі. Үйірмеде сабақ аптасына екі рет өтеді.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау

Оқушы алғаш рет үйірмеге қатысқанда оған психологиялық қолдау көрсету қажет. Мақтау, мадақтау арқылы оқушының тез үйреніп кетуіне септігін тигізіп қадағалап отыру керек. Оқушының жетістігін бағалау кезінде шығармашылық жұмыстарын, жетістігін газет-журналдарға беру қажет. Оқушының шығармашылық жұмыстарына көрме ұйымдастырып, ата-аналарына, сыныптастарына көрсету. Оқушы өнерінің еңбегін халықаралық, республикалық, облыстық көрме байқауларына қатысу болмақ.

## «Тұлпар» үйірмесінің тақырыптық жоспары

P/c	Мазмұны	Сағат саны		
		Барлығы	теория	практика
1	Кіріспе	4	2	2
2	Автомобильдің жалпы құрылымы	10	4	6
3	Материалтану	10	6	4
4	Жеңіл автомобиль үлгілерін модельдеу	32	8	24
5	Жүк көлігін модельдеу	32	8	24
6	Қоректендіру көзі сыртында орналасқан транспорттық машиналар	16	4	12
7	Әскери техника құрастыру	16	4	12
8	Жол қозғалысы ережелері	22	4	18
9	Қорытынды сабақ	2	1	1
<b>Барлығы:</b>		<b>144</b>	<b>41</b>	<b>103</b>

### Бағдарлама

*Бірінші оқу жылы*

**Кіріспе сабақ.** Үйірменің мақсатымен танысу. Техникалық қауіпсіздік ережесімен таныстыру.

Автотранспорт және оның халық шаруашылығындағы маңызы. Автомобиль өндірісінде қызмет атқаратын мамандар. Алдағы оқу жылында жүргізілетін жұмыстардың мазмұны және мақсаты, міндеттері.

Автомобильдің негізгі бөлшектері және оның үлгісі (қозғалтқыш, қозғағыш, беріліс механизмі, басқару және бақылау механизмі, негізі (рама)). Үлгінің қозғалу тұрақтылығын қамтамасыз ететін шарттар. Ауырлық орталығы туралы ұғым.

**Практикалық жұмыс.** Қағаз, картон, фанер, сым және «Конструктор» жинағын пайдалану арқылы өзі жүретін арба үлгісін жасап шығару. Шаблондарды пайдалану арқылы автомобиль нұсқалары мен бөлшектерінің жазбасын сызып түсіру. Қайшымен қиып алу. Лобзикпен аралау. Желімдеп жапсыру. Үлгіні реттеу. Құрастырылған үлгіні пайдаланып, ойын-жарыстар өткізу.

**Автомобильдің жалпы құрылымы.** Автотранспортта пайдаланылатын қозғалтқыштардың түрлері (электрлі, турбореактивті және т.б.) туралы ұғымдар. Құрастырылған үлгілерде пайдаланылатын қозғалтқыштар (механикалық, серіппелі, резенке, инерциялы, электрлі). Микроэлектрқозғалтқыштар. Оларға қосылатын қоректендіру көзі. Қоректендіру көздерін сақтау тәртібі. Беріліс күші (қозғалтқыш білігінен үлгінің дөңгелегіне қозғалыстың берілу тәсілдері) туралы ұғым.

**Практикалық жұмыс.** Микроқозғалтқыштың сипаттамасымен таныстыру. Қозғалтқышты үлгіге орнату. Сынақтан өткізу және реттеу.

**Материалтану.** Материалдардың қасиеті. Түсті материалдар. Темір дайындамалар. Ағаш, пластмасса материалдарының физикалық қасиеттері.

Металдарды өңдеу жолдары. Ағаш, пластмасса материалдарынан бұйым жасау жолдары және оған қажетті материалдар.

**П р а к т и к а л ы қ ж ұ м ы с.** Еңбек қауіпсіздігін ұғындыру бойынша тренинг жаттығулар. Материалдардың қасиеттерін практика жүзінде анықтау. Материалдарды өңдеуге қажетті құралдардың түрлерімен танысу.

**Жеңіл автомобиль үлгілерін модельдеу.** Автомобиль классификациясы. Түрлі топ автомобильдерін құрастыру ерекшеліктері туралы жалпы мағлұматтар. Автомобиль түрлері туралы ұғым. Автомобильдің бөлек бөлшектерін есептеу тәртібі. Автомобильді жобалау және құрастыру. Редуктор күшін есептеу. Дөңгелекті үлгіге орналастыру тәсілдері.

**П р а к т и к а л ы қ ж ұ м ы с.** Көлемді үлгілердің бөлек бөлшектерінің жұмыс сызбасын, эскизін, техникалық суреттерін орындау. Жинау. Реттеу. Үлгілерді сынақтан өткізу.

**Жүк көлігін модельдеу.** Шығу тарихымен танысу. Өндірісте және ауылшаруашылығында пайдаланатын техникалар. Сызбасымен танысу. Материал дайындау. Кузовын құрастыру. Бөлшектерін дайындау. Қосымша бөлшектер дайындау. Жүргізу

**П р а к т и к а л ы қ ж ұ м ы с.** Техникалық оқу орындарына, ауылшаруашылық мекемелеріне саяхат. Жүк көлігінің бөлшектерінің жұмыс сызбасын, эскизін, техникалық суреттерін орындау. Жинау. Реттеу. Үлгілерді сынақтан өткізу.

**Қоректендіру көзі сыртында орналасқан транспорттық машиналар.** Электр қозғалтқыштары бар трасса үлгілері. Қоректендіру көзі сыртында орналасқан транспорттар (трамвай, электровоз, троллейбус, метро және т.б.) туралы қысқаша тарихи мәліметтер. Ток жинаушы құрылғының құрылыс ерекшелігі. Трасса үлгісіне қойылатын техникалық талаптар. Жарысты өткізу тәртібі.

**П р а к т и к а л ы қ ж ұ м ы с.** Трасса автомобильдерінің үлгілерін жобалау, құрастыру және жасап шығару.

**Әскери техника құрастыру.** Шығу тарихымен танысу. Сызбасымен танысу. Материал дайындау. Құралдарын дайындау. Кузовын құрастыру. Жүру бөлшектерін дайындау. Қосымша бөлшектер дайындау. Қосымша бөлшектер құрастыру.

**П р а к т и к а л ы қ ж ұ м ы с.** Техникалардың эскиздерін дайындау, өлшем бірліктерін белгілеу. Жекелей және топтық жұмыс арқылы моделдердің жеке бөлшектерін дайындау. Қосымша бөлшектер дайындау. Қосымша бөлшектер құрастыру. Сынақтан өткізу.

**Жол қозғалысы ережелері.** Кіріспе бөлімі. Жүргіншілердің міндеттері. Жолаушылардың міндеттері. Ескерту белгілері. Тиым салу белгілері. Басымдылық міндеттері.

**П р а к т и к а л ы қ ж ұ м ы с.** Жол полициясы қызметкерлерімен кездесу. Ішкі істер бөліміне саяхат. Жаяу жүргінші ретінде жолдан өту. Видеоматериалдармен жұмыс. Сынақ тесттер тапсыру.

**Қорытынды сабақ және техникалық конференция.** Жұмыс қорытындысын шығару. Техникалық конференция. Үздіктерді марапаттау. Жазғы кезеңдегі жұмыс жөніндегі нұсқаулар.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Шпаковский В.О «Для тех кто любит мастерить» Москва.1990г
2. Журнал «Моделист конструктор» 1975-1980гг
3. Журнал «Юный техник». 1980-1985гг
4. Ғаламтор беттерінен алынған материалдар
5. «Мектептегі технология» журналдары
6. Э.К.Гульянц «Учите детей мастерить» Москва.1979
7. Журнал «Мир техники для детей» 2013-2014гг
8. «Трассалық автомобиль үлгілерін жасау» (жетекшісі П.Е.Ефанов, Қостанай қаласы, 2006)
9. «Автомобиль үлгісін жасау» (жетекшісі М.Т.Назирова, Орал қаласы, 2005)

**«Тұлпар» үйірмесі кабинетінің пайдалану кестесі**  
**I жарты жылдық 2015-2016 жыл**  
**I-ауысым**

Күні	Уақыты	Оқушы саны	Сыныбы
Дүйсенбі	9.00-10.35	12	М.Әуезов-6г
Сейсенбі	8.30-10.05	12	С.Сейфуллин-7ә
Сәрсенбі			
Бейсенбі	9.00-10.35	12	М.Әуезов-6г
Жұма	9.00-10.35	12	С.Сейфуллин-7ә

**II-ауысым**

Күні	Уақыты	Оқушы саны	Сыныбы
Дүйсенбі	14.50-16.25	12	М.Әуезов-6б
Сейсенбі	14.50-16.25	12	М.Әуезов-9е
	16.30-18.05	12	М.Әуезов-6б
Сәрсенбі	16.30-18.05	12	М.Әуезов-9б
			С.Сейфуллин-8а Ш.Уалиханов-9 орыс
Бейсенбі	14.50-16.25	12	М.Әуезов-9е
Жұма	16.30-18.05	12	М.Әуезов-9б С.Сейфуллин-8а Ш.Уалиханов-9 орыс



**2015-2016 оқу жылы**  
**«Тұлпар» үйірмесінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

P/c	Тақырыбы	Өтетін күні					Сағат саны			Көрнекіліктер
		I топ	II топ	III топ	IV топ	V топ	барлығы	теория	практика	
<b>I</b>	<b>Кіріспе</b>						<b>4</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	
1	Үйірменің мақсатымен танысу. Техникалық қауіпсіздік ережесімен таныстыру.						2	1	1	
2	Оқушылардың дағды машықтарын анықтау. Құралдармен таныстыру. Технологиялық карта сызу.						2	1	1	
<b>II</b>	<b>Автомобильдің жалпы құрылымы</b>						<b>10</b>	<b>4</b>	<b>6</b>	
3	Автомобильдің негізгі түрлері. Автомобильдерді топқа жіктеу						2	2	-	
4	Автокөліктің жалпы құрылысы						2	2	-	
5	Кривошипті-шатунды механизм						2	-	2	
6	Газ тарату механизмі. Салқындату жүйесі						2	-	2	
7	Майлау жүйесі. Қоректендіру жүйесі						2	-	2	
<b>III</b>	<b>Материалтану</b>						<b>10</b>	<b>6</b>	<b>4</b>	
8	Материалдардың қасиеті						2	2	-	
9	Түсті және қара металдар						2	2	-	
10	Темір дайындамалар						2	1	1	
11	Ағаш, пластмасса, ПВХ						2	1	1	
12	Материалдарды өңдеу жолдары						2	-	2	

<b>ІҮ</b>	<b>Жеңіл автомобиль үлгілерін модельдеу</b>					<b>32</b>	<b>8</b>	<b>24</b>	
13	Техника тарихымен танысу					2	1	1	
14	Автомобиль классификациясы.					2	1	1	
15	Түрлі топ автомобильдерін құрастыру ерекшеліктері туралы жалпы мағлұматтар.					2	1	1	
16	Сызбасымен танысу					2	1	1	
17	Материал дайындау					2	-	2	
18	Автомобильді жобалау және құрастыру.					4	2	2	
19	Автомобильдің бөлек бөлшектерін есептеу тәртібі.					2	1	1	
20	Редуктор күшін есептеу. Дөңгелекті үлгіге орналастыру тәсілдері.					2	1	1	
21	Қосымша бөлшектер дайындау					2	-	2	
22	Кузовын құрастыру					2	-	2	
23	Жүру бөлшектерін дайындау					2	-	2	
24	Жүргізу					2	-	2	
25	Дайын модельдерді сәндеу.					4	-	4	
26	Үлгілерді сынақтан өткізу.					2	-	2	
<b>Ү</b>	<b>Жүк көлігін модельдеу</b>					<b>32</b>	<b>8</b>	<b>24</b>	
27	Шығу тарихымен танысу					2	1	1	
28	Өндірісте және ауылшаруашылығында пайдаланатын техникалар.					2	2	-	
29	Сызбасымен танысу					4	2	2	
30	Материал дайындау					2	-	2	

31	Кузовын құрастыру					4	-	4	
32	Жүру бөлшектерін дайындау					4	-	4	
33	Қосымша бөлшектер дайындау					2	-	2	
34	Электрлік бөлшектерін жалғау					2	1	1	
35	Дайын бөлшектерді жинау.					2	-	2	
36	Дайын модельдерді сәндеу.					2	-	2	
37	Жүргізу					2	-	2	
38	Үлгілерді сынақтан өткізу.					4	2	2	
<b>ҮІ</b>	<b>Қоректендіру көзі сыртында орналасқан транспорттық машиналар</b>					<b>16</b>	<b>4</b>	<b>12</b>	
39	Электр қозғалтқыштары бар трасса үлгілері.					2	1	1	
40	Қоректендіру көзі сыртында орналасқан транспорттар (трамвай, электровоз, троллейбус, метро және т.б.) туралы қысқаша тарихи мәліметтер.					2	2	-	
41	Трасса автомобильдерінің үлгілерін жобалау					4	-	4	
42	Ток жинаушы құрылғының құрылыс ерекшелігі.					2	-	2	
43	Модельді құрастыру және сәндеу.					4	-	4	
44	Трасса үлгісіне қойылатын техникалық талаптар.					2	1	1	
<b>ҮІІ</b>	<b>Әскери техника құрастыру</b>					<b>16</b>	<b>4</b>	<b>12</b>	
45	Шығу тарихымен танысу					2	2	-	
46	Сызбасымен танысу					2	1	1	
47	Материал дайындау					2	-	2	

48	Құралдарын дайындау					2	1	1	
49	Кузовын құрастыру					2	-	2	
50	Жүру бөлшектерін дайындау					2	-	2	
51	Қосымша бөлшектер дайындау					2	-	2	
52	Қосымша бөлшектер құрастыру					2	-	2	
<b>ҮІІІ</b>	<b>Жол қозғалысы ережелері</b>					<b>22</b>	<b>4</b>	<b>18</b>	
53	Кіріспе					2	1	1	
54	Жүргіншілердің міндеттері					2	1	1	
55	Жолаушылардың міндеттері					2	1	1	
56	Ескерту белгілері					2	-	2	
57	Тиым салу белгілері					2	-	2	
58	Басымдылық міндеттері					2	1	1	
59	Жол полициясы қызметкерлерімен кездесу.					2	-	2	
60	Ішкі істер бөліміне саяхат.					2	-	2	
61	Жаяу жүргінші ретінде жолдан өту.					2	-	2	
62	Видеоматериалдармен жұмыс.					2	-	2	
63	Сынақ тесттер тапсыру.					2	-	2	
<b>ІХ</b>	<b>Қорытынды сабақ</b>					<b>2</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	
	<b>Барлығы:</b>					<b>144</b>	<b>41</b>	<b>103</b>	